

Анықтама

«Атырау облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы

24 Маусым 2025 жыл

Атырау қаласы

«Атырау облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК қызметінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау жұмыстарын «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау өткізу туралы» 2025 жылғы 19 мамырдағы №267 бүйрығына сәйкес, Темиргалиева Аманқызына комплаенс офицер (жауапты маман) жүргізуге жауапты.

Негіздеме: «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы, Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу дің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бүйрығы, Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бүйрығымен бекітілген Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулық, Орталық директорының «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды өткізу туралы» бүйрығы.

Мақсаты: Сыйбайлас жемқорлық құқықтық бұзушылар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептердің туындау мүмкүндігін анықтау және олардың салдарын жою.

Уақыты: 26.05.2025-23.06.2025

Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргіzetін жұмысшы топ құрамы:

Нуралина Г.Т. - Директордың клиникалық сараптамалық жұмыс жөніндегі орынбасары м.а.

Жумагалиева А.А. - Директордың экономикалық және әкімшілік шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары

Таздарбаева Ф.К. - Персоналды баскару қызметінің басшысы

Тулешова Ш.Р. - Бас есепши

Темиргалиева А.А. - Комплаенс офицер

Талдау жүргізу бағыты:

1. Орталықтың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
2. Орталықтың ұйымдастыруышылық басқарушылық қызметінде сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау.
 - Бюджет қаражатын игеру,
 - Мемлекеттік сатып алу, жеке және занды тұлғалармен келісім шарт жасасу
 - Мемлекеттік қызмет көрсету анықтамалар беру қызметі,
 - Персоналды басқару, сыйбайлар жемқорлық тәуекелдеріне шалдықкан лауазымдарды айқындау, мүдделер қақтығысын реттеу,
 - Тауарлар қоймасы және азық түлік қоймасы,
 - Комплаенс-қызметі.

Талдау объектісі

Атауы: Атырау облыстық Денсаулық сактау басқармасының «Атырау облыстық перинаталдық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны.

Құрылтайшы: Атырау облысының әкімдігі

Басқару органы: «Атырау облыстық Денсаулық сактау басқармасы» мемлекеттік мекемесі

Нормативті құқықтық актілер: Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасы «Халық денсаулығы және денсаулық сактау жүйесі туралы» кодексі, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы « Мемлекеттік сатып алу» туралы заңы.

Орналасқан жері: Атырау қаласы, Л.Владимирский 22 А.

1. Орталықтың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлар жемқорлық тәуекелдері жүргізілген ішкі талдау нәтижесімен орталық қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін олқылықтар анықталған жок.
2. Орталықтың ұйымдастыруышылық-басқарушылық қызметінде сыйбайлар жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау жүргізілген құрылымдық бөлімшелер

- Мемлекеттік сатып алу бөлімі
- Есеп бөлімі
- Персоналды басқару бөлімі (кадр бөлімі)
- Азық-түлік қоймасы
- Тауарлар қоймасы

1.Орталықтың қаражаты бойынша

2024 жылға «Әлеуметтік сақтандыру қорымен» 3 556 269 521,72 теңге келісім шарт жасақталып, толық жұмысалды.

2025 жылға «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен» 3 611 133 593,60 теңгеге келісім шарт жасақталып, ағымдағы жылдың 23 маусымына дейін 1 750 015 008,39 теңге мекеме шотына түсіп толық жұмысалды.

2024 жылға ақылы қызмет көрсетуден түсken қаражат мөлшері- 43 753 343 теңге.

2025 жылдың қаңтар айынан бастап, ағымдағы жылдың 24 маусымына дейін 24 228 400 теңге.

Орталықтың жұмыскерлерін көтермелеу (оның ішінде сыйақы беру) тәртібі құрылған комиссиямен қаралып, объективті түрде берілетін баға негізінде жүзеге асырылған.

2.Мемлекеттік сатып алу, жеке және занды тұлғалармен келісім шарт жасау

2024 жылдың маусым айынан бастап мемлекеттік сатып алу порталы бойынша жасақталған келісім шарттардың ақпараттары: Орталықпен жыл соңына дейін 147 келісім шарт жасақталды, жалпы соммасы 121 093 975,1 теңгені құрайды.

2025 жылдың қаңтар айынан бастап мемлекеттік сатып алу порталы бойынша жасақталған келісім шарттардың ақпараттары: Орталықпен, ағымдағы жылдың 23 маусымына дейінгі келісім шарттар саны 341, жалпы соммасы 950 162 877,73 теңгені құрайды.

Дәрілік заттар бойынша жасақталған келісімшарттар саны 71 соммасы 654 119 132,80

Медициналық мақсаттағы бұйымдарға 32 келісім шарт жасақталды. Олардың жалпы соммасы 105 769 737,1 теңгені құрайды.

Жеке және занды тұлғалармен шарттар тек мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы үлгілік нысанда жасалған.

Аталған келісім шарттар бойынша сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады. Мұдделер қақтығысы орын алмады.

Орталықтың Атырау қаласында тұрғылықты үйі жоқ дәрігерлеріне мемлекеттік сатып алу порталынан пәтер жалдау сұранысы бойынша ағымдағы жылға жасақталған келісімшарттарда қызмет көрсетушілер және сұраныс білдірушілер арасында туыстық қарым қатынастар анықталмады.

3.Мемлекеттік қызмет көрсету

Орталықта 2024 жылдың маусым айынан бастап жыл соңына дейін 7616 жүкті және босанушы әйелдерге, балаларға, науқастарға көмек көрсетілді. Оның ішінде 7487 науқас Емдік шараларын қабылдап, орталықтан шықты.

4697 нәресте дүниеге келген, оның ішінде өлі туылғандар саны – 30, шетінегендер саны – 19.

Орталықта ағымдағы жылда 5022 жүкті және босанушы әйелдерге, балаларға, науқастарға көмек көрсетілді. Оның ішінде 4843 науқас Емдік шараларын қабылдап, орталықтан шықты.

3117 нәресте дүниеге келген, оның ішінде өлі туылғандар саны-19, шетінегендер саны - 20.

4.Персоналды басқару, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау, мұдделер қақтығысын реттеу

Орталықта жұмыс атқарып жатқан медицина қызметкерлері «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын раставу қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы №КР ДСМ -274/2020 бүйрігіна сәйкес тиісті маман сертификаттары бар.

Орталықта бос орындар пайда болған жағдайда «Enbek.kz» электронды еңбек биржасына жарияланады.

Орталық құрылымы мен штат саны қолданыстағы заңнамалық талаптарға сәйкес белгіленген.

Штат саны- 572,75, оның ішінде дәрігерлер штаты – 130, орта буын қызметкерлер штат саны – 240,75, кіші буын қызметкерлер штат саны – 122, әкімшілік персонал штаты – 32,5, қосалқы персонал штаты-45,5.

Жыл басынан бері орталық қызметкерлерімен сыйбайлас жемқорлық әрекеттері, әдептілік нормалары мен мінез құлық қағидаларының талаптарын бұзу туралы хабарламалары, арыз шағымдары болған жоқ.

Мұдделер қақтығысы түріндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын фактілер анықталған жоқ. Мұдделер қақтығысының пайда болу қаупі жақын туыстардың жұмысы жағдайында болуы мүмкін, бұл жеке мұдделер мен олардың лауазымдық өкілеттіліктері арасындағы қайшылықтарға әкелуі мүмкін.

Талдау көрсеткендей, кәсіпорында басшының жақын туыс қызметкерлері жоқ.

Бұқаралық акпарат құралдарында қызметкерлердің әрекеттеріне қатысты, оның ішінде интернет ресурстарда, әлеуметтік желілерде жемқорлыққа жағдай туғызатын сыни немесе жағымсыз материалдар жарық көрмеген.

Орталықтың ресми сайтында жарияланған телеграмм каналға қандай да бір ақпарат келіп түспеген.

Ұйымдастыруышылық басқарушылық қызметте сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау барысында жемқорлық тәуекелдігіне шалдыққан тұлғалар, лауазымды тұлғалардың жеке мұдделері мен өз міндеттерін немесе өкілеттіліктерін тиісті, объективті және бейтарап орындауына әсер ететін, әсер етуі мүмкін жағдайлар анықталған жоқ.

5. Комплаенс қызметі

Орталықтың директорымен 2023 жылдың 10 мамырда Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, мұдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясат, корпоративтік әдет және мінез құлық кодексі, Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимылжөніндегі нұсқаулық бекітілген.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында ұжым арасында тоқсан сайын жалпы және бөлімдер арасында жиындар, лекциялар өтіп отырады.

Жиын барысында комплаенс қызметі туралы, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыйбайлас жемқорлықты алдын алу туралы оқыту шаралары алынып жүр.

Пациенттер арасында әнгімелесу, онлайн сауалнамалар, Сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Орталыққа, қызметкерлерге және көрсетілген қызметтерге шағым жоқ. Қызметкерлер арасынан көрсетілген қызмет бойынша жемқорлық фактілері анықталған жоқ.

6. Азық түлік және тауарлар қоймасы

Тексеріс кезінде ешқандай құқық бұзушылық анықталмады. Нақтылай келе товар беруші және алушы арасында мүдделер қақтығысы орын алмады, барлық келген заттың жарамдылық мерзімдері және сертификаттары дұрыс ресімделген. Сақталу температуралары стандартқа сай. Азық-түлік және тауарлар-қажеттілікке сай алынған. Азық-түлік қоймадан күнделікті мәзірдің калькуляциясы арқылы беріледі.

Тауарлар санының қалдығы «1С» программасымен сәйкес келеді. Аталған қоймаларда сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары анықталмады.

Қорытынды

Талдау нәтижесі бойынша «Атырау облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ КМК қызметінде сыйайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ұсыныс

1. Орталықтағы қызметкерлер қызмет көрсету шенберінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы тұруға, алдын алуға жол бермеуге;
2. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы бойынша құқықтық жаппай оқытуды ұйымдастыру, ұжым арасында жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруға;
3. Бюджет қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсауды қадағалауға;
4. Мемлекеттік сатып алушы ұйымдастыру және өткізу кезеңінде заң бұзушылықтарға жол бермеуге, мемлекеттік сатып алуға жауапты маманның біліктілігін арттыруға;
5. Ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау үшін орталықтың ресми сайтына орналастыруға.

Комплаенс – офицер

А.А.Темиргалиева

«Келісілді»

Атырау облыстық перинаталдық
орталығы ШЖҚ КМК

директоры



К.А.Ермагамбетов